Маусымдық ауылшаруашылық жұмысшыларына арналған нұсқаулық

COVID-19 сынақ нәтижелерінің процесі

Шотландиядағы жеуге жарамды өсімдіктердің бағбаншылығымен айналысатын маусымдық ауылшаруашылық жұмысшысы болсаңыз, осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз.

Бұл нұсқаулықта қамтылған ақпарат:

- сынақ нәтижесін алу жолы;
- сынақ нәтижесі теріс болса, орын алатын жағдай;
- сынақ нәтижесі оң болса, орын алатын жағдай;
- сынақ нәтижесі оң болған кезде көрсетілетін көмек.

Көмек қажет болса, RSABI маусымдық жұмысшыларының жедел желісіне 0300 111 4160 нөмірі бойынша қоңырау шалыңыз. Бұл — ауылшаруашылық жұмысшыларына арналған арнайы жедел желі, онда сіздің тілде сөйлейтін қызметкерлер бар. Бұл жедел желі дүйсенбі – жұма аралығында 17:00–20:00 және сенбі/жексенбіде 10:30–14:00 уақытында жұмыс істейді.

NHS ақпараттық веб-сайтына өту немесе мемлекеттік коронавирустық көмектің жедел желісіне 0800 111 4000 нөмірі бойынша қоңырау шалу не 0800 111 4114 нөміріне мәтіндік хабар жіберу арқылы да көмек сұрай аласыз.

Сынақ нәтижесін алу жолы

Сынақ нәтижесі әдетте сынақ тапсырғаннан екі күн өткен соң хабарланады.

Оны жұмыс берушіге хабарлау міндетті емес, бірақ хабарлауға кеңес береміз.

Нәтижеге қол жеткізе алатыныңызға көз жеткізіңіз:

- Сынақты мобильдік телефон нөміріңізбен онлайн тіркеген болсаңыз, оның нәтижесі нөміріңізге мәтіндік хабармен жіберіледі.

- Сынағыңызды басқа адамның немесе ортақ мобильдік телефон нөмірімен онлайн тіркеген болсаңыз, оның нәтижесі сол нөмірге мәтіндік хабармен жіберіледі. Сол телефон нөмірін пайдаланатын басқа адам нәтижелеріңізді көруі мүмкін.

- Сынақты телефон арқылы тіркеген болсаңыз, NHS COVID-19 жедел желісіне 119 нөмірі арқылы қоңырау шалуыңыз керек. Олар сынақ нәтижесін айтады. Қоңырау шалу тегін және жедел желі күнде 7:00–23:00 аралығында жұмыс істейді.

Зертхана сынағыңызды белгілі бір себептермен өңдей алмаса, сізге «void» (жойылған) нәтижесі келеді. Бұл жағдайда тағы бір рет тапсыруыңыз керек. Жұмыс берушіңізге айтыңыз, ол сізге тағы бір сынақ береді.

Сынақты тапсырғаннан кейін 48 сағат өтсе де, оның нәтижесі келмесе, NHS COVID-19 жедел желісіне 119 нөмірі арқылы хабарласыңыз.

Басқа тілді түсінуге қатысты көмек қажет болса, жұмыс беруші NHS жедел желісіне сіздің атыңыздан хабарласып, аудармашы қызметін сұрай алады. Келісім берсеңіз, аудармашы сіздің нәтижеңізді хабарлайды.

Сынақ нәтижесі теріс болса

Оны жұмыс берушіге айтпасаңыз да болады.

Өзін-өзі оқшаулаудың **екінші күні** тапсырылған сынақ нәтижесі теріс болса:

- Өз-өзіңізді оқшаулауды жалғастыруыңыз керек.
- Сегізінші күні тағы бір сынақ тапсыруыңыз қажет.

Өзін-өзі оқшаулаудың **сегізінші күні** тапсырылған сынақ нәтижесі теріс болса:

- 10 күндік кезеңнің соңына дейін өз-өзіңізді оқшаулауды жалғастыруыңыз керек.
- Сіз және үй-жайыңыздағы барлық адамның екі нәтижесі де теріс болса, 11-күні қалыпты жұмыс пен әрекеттерді жалғастыруыңызға болады.
- Вирустың таралуына жол бермеу үшін жұмыс берушінің әлеуметтік қашықтық сақтау, гигиена және бетперде тағу бойынша берген нұсқауларын орындауды жалғастыруыңыз керек.
- Екі теріс нәтиже сізде инфекция жоқ деген сөз емес.
- COVID-19 симптомдары:
  - жоғары температура;
  - тоқтаусыз жөтелдің пайда болуы;
  - иіс-дәм сезу қабілетінің өзгеруі.
- Сізде осы симптомдардың кез келгені қандай да бір дәрежеде байқалса, жұмыс істеуді тоқтатып, өзін-өзі оқшау және жұмыс берушіге бірден хабарлау маңызды. Ол не істеу керектігін айтады. Қажет болса, тағы бір сынақ беруі мүмкін.
- COVID-19 симптомдары және олар байқалса, не істеу керектігі туралы қосымша ақпарат NHS ақпараттық веб-сайтында берілген.

Сынақ нәтижесі оң болса

Сіз және сіздің үй-жайыңыздағы және бірге жұмыс істейтін барлық адам дереу өзін-өзі оқшаулауы керек.

NHS сынақ және қорғаныс ұжымы сізге хабарласады:

- Телефоныңызда көрсетілетін нөмір — 0800 030 8012. Бұл нөмірден келетін қоңырауларды немесе мәтіндерді елемеуге болмайды, себебі қоңырау шалатын адам сізге көмек беріп, не істеу керектігін түсіндіреді.

- **Сіз және үй-жайыңыздағы және бірге жұмыс істейтін барлық адам сынақ тапсырылған күннен бастап санағанда 10 күн өзін-өзі оқшаулауы керек.**

- **NHS сынақ және қорғаныс ұжымы басқа байланыста болған қандай адамдардың өзін-өзі оқшаулауы керектігі жөнінде кеңес береді.**

- **Өзін-өзі оқшаулау өте маңызды.** Сіз COVID-19-бен күресуде және қауымдастық пен Шотландияны қорғауда маңызды рөл атқарасыз. Ауру асқынып кетсе, ферманы толықтай жабу керек болады.

- 10 күн бойы жұмыс істемеуіңіз керек.

Сізге сынақ нәтижесі айтылғаннан кейін, NHS сынақ және қорғаныс ұжымы немесе жергілікті денсаулық сақтау ұжымы жұмыс берушіңізге хабарласып, сіздің нәтижеңізді айтады. Бұның мақсаты — фермада жұмыс істейтін басқа адамдардың ауырып қалуына жол бермеу.

Жұмыс берушіңіз өзін-өзі оқшаулаудың 10 күні бойы сізді тамақпен және ең қажетті заттармен қамтамасыз етуі тиіс.

10-күннің соңында өзіңізде COVID-19-дың симптомдары жойылса, қалыпты жұмыс пен әрекеттеріңізге (олар өзін-өзі оқшауламайтын болса) қайтып оралсаңыз болады.

Вирустың таралуына жол бермеу үшін жұмыс берушінің физикалық қашықтық сақтау, гигиена және бетперде тағу бойынша берген нұсқауларын орындауды жалғастыруыңыз керек.

COVID-19 симптомдары:

- жоғары температура;
- тоқтаусыз жөтелдің пайда болуы;
- иіс-дәм сезу қабілетінің өзгеруі.

Сізде осы симптомдардың кез келгені қандай да бір дәрежеде байқалса, жұмыс істеуді тоқтатып, өзін-өзі оқшау және жұмыс берушіге бірден хабарлау маңызды. Ол не істеу керектігін айтады. Қажет болса, тағы бір сынақ беруі мүмкін.

COVID-19 симптомдары және олар байқалса, не істеу керектігі туралы қосымша ақпарат NHS ақпараттық веб-сайтында берілген.

Сынақ нәтижесі оң болған кезде көрсетілетін көмек

Шотландия үкіметінің өзін-өзі оқшаулауға арналған £500 қолдау көрсету грантына өтініш беруге мүмкіндік бар. Ол үшін:

- еңбекақыңыз төмен жұмысшы болуыңыз;
- Шотландияда жұмыс істеуіңіз;
- NHS сынақ және қорғаныс ұжымы сізге өзін-өзі оқшаулау қажет деп айтуы;
- табыс көзінен айырылып қалған болуыңыз керек.

Өзін-өзі оқшаулауға арналған қолдау көрсету грантына mygov.scot веб-сайты арқылы өтініш беруіңізге болады. Өтініш беру үшін HMRC жүйесіне тіркелу және келесі құжаттарды жіберу қажет:

- банк шотынан үзінді көшірме;
- төмен еңбекақыны растайтын құжат;
- жұмыс орнынан анықтама.

Көмек қажет болса, RSABI маусымдық жұмысшыларының жедел желісіне 0300 111 4160 нөмірі бойынша қоңырау шалыңыз.

- Бұл — ауылшаруашылық жұмысшыларына арналған жедел желі, онда сіздің тілде сөйлейтін қызметкерлер бар.
- Бұл жедел желі дүйсенбі – жұма аралығында 17:00–20:00 және сенбі/жексенбіде 10:30–14:00 уақытында жұмыс істейді.
- Үй-жай (мысалы, өзін-өзі оқшаулауға байланысты адамдардың тым көп болуы) немесе жалпы жұмыс бойынша қиындықтар туындаған кезде де, осы жедел желіге хабарлассаңыз болады.

10 күндік кезең аяқталмай тұрып өзін-өзі оқшаулауды тоқтату

Сынақ тапсыру мен өзін-өзі оқшаулауға қатысты ережелерді басшылыққа алғаныңыз маңызды.

Нәтижеңіз теріс болып, өзін-өзі оқшаулауға байланысты жұмыс істей алмасаңыз, сізге көмек (соның ішінде қаржылай) беріледі.

10 күндік кезең аяқталмай тұрып, өзін-өзі оқшаулау аймағынан шыға алатын ерекше жағдайлар қарастырылған. Оларға келесілер жатады:

- Отаныңызға қайтып оралатын болсаңыз (бірақ баратын еліңізге байланысты ПТР сынағыңыздың нәтижесінің теріс екенін растайтын құжат сұралуы мүмкін).
- Медициналық мекемеге (соның ішінде психиатриялық аурухана) бару керек болса.

Біріккен Корольдіктен кетіп, сол маусымда қайтып оралатын болсаңыз, Біріккен Корольдікке қайта келсеңіз, 10 күндік өзін-өзі оқшаулау және ПТР сынағын тапсыру процесінен қайтадан өтуіңіз керек.